

**Білім беру ұйымдарында тәрбиеленушілердің
қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№1 НҮСҚАУЛЫҚ
(кіріспе / қайталанатын нұсқаулық)**

1. Балабақшаға/мектепке өткір және шыны заттар, дәрілер, сағыз, сіріңке әкелуге болмайды.
2. Топ бөлмесінде/кабинетте өзін сабырлы ұстау керек, жүгіруге, орындықтарда тербелуге, терезенің алдына және үстелдің үстіне шығуға болмайды.
3. Жиһазды, ойыншықтарды және басқа заттарды ұқыпты ұстау қажет.
4. Топта/кабинетте қимылды ойындар ойнауға болмайды. Бұл жаракаттануға әкелуі мүмкін.
5. Құрдастарымен төбелесуге, ұрысуға болмайды!
6. Дымкыл еденде жүргенде абай болу керек. Еден құрғағанша күте тұру, содан кейін жүруге болады.
7. Есікті ашқанда немесе жапқанда абай болу, оның артында біреу тұруы мүмкін.
8. Электр розеткаларына заттарды сұғуға болмайды.
9. Тәрбиешінің рұқсатынсыз топтан/кабинеттен шығуға болмайды.
10. Киініп-шешінетін бөлмеде шкафтарды дұрыс пайдалану, есіктерді абайлап ашу, оларға ілініп тұрмау керек, орындықтардан секіруге және олардың үстімен жүгіруге болмайды.
11. Балабақшаның жуынатын бөлмесінде кранды қатты ашуға болмайды, тек өзінің орамалын қолдану; су шашпау, ойнамау.
12. Жатын бөлмеге ақырын кіру, жүгірмеу, керсуеттің бұрыштарына назар аудару керек.
13. Тамақтану кезінде шанышқылармен және қасықтармен ойнауға, сөйлеуге болмайды.
14. Түймелерді, мозаикаларды, қарындаштарды және басқа заттарды ауызға алуға болмайды.
15. Орындықтарды бір орыннан екінші орынға ауыстырған кезде оларды жоғары көтермеу керек.
16. Баспалдақпен асықпай көтерілу, одан түсу, таяныштан ұстау және бір-бірі итермеу керек.
17. Балабақшаның ауласына тек тәрбиешімен бірге шығу керек.

Мектепке дейінгі ұйымның киініп-шешінетін бөлмесінде
тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№2 НҮСҚАУЛЫҚ

Нұсқаулық киініп-шешінетін бөлмеде балалардың жарақаттануын болдырмау мақсатында әзірленді.



1. Киініп-шешінетін бөлмеде шкафтарды дұрыс пайдалану.
2. Шкафтардың есіктерін абайлап ашу керек.
3. Шкафтардың есіктеріне ілініп тұрмау, оларды тарсылдатпау керек.
4. Киімдерді шашуға болмайды.
5. Киімдерді ұқыпты бүктеу: бас киім мен сыртқы киімді жоғарғы сөреге, аяқ киімді төменгі сөреге қою керек.
6. Біреудің киімдерін ұстауға болмайды.
7. Орындықтардан секіруге болмайды.
8. Киініп-шешінетін бөлмеде жүгіруге болмайды.
9. Бір-бірін итеруге болмайды.
10. Шкафтардың ішіне жасырынуға болмайды.
11. Кіретін есікті тарсылдатуға болмайды.
12. Жаныңызда балалар болса біреуінің қолын (саусақтарын) қысып қалмау үшін есікті ақырын, мұқият жабу.
13. Есіктің саңылауларына саусақтарды сұғуға болмайды.
14. Егер есік ішке қарай ашылатын болса, оған жақын тұруға болмайды, өйткені біреу есікті ашқан кезде соғылып қалуы мүмкін.
15. Киініп-шешінетін бөлмеде қатты сөйлесуге болмайды.



**Балабақшаның жуынатын бөлмесінде және дәретханада
тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№3 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық балабақшаның жуынатын бөлмесіне және дәретханаға бару кезінде балалардың жарақаттану жағдайларының алдын алу мақсатында әзірленді.

1. Жуынатын бөлмеде және дәретханада бір уақытта 5-6 адамнан артық болмауы керек.
2. Дәретханада гигиена ережелерін міндетті түрде сақтау: дәретхана қағазын пайдалану, унитазды сумен шаю, қолды сабынмен жуу, орамалмен қолды жуып болғаннан кейін сүрту.
3. Дәретхана бөлмесінде унитазға ұсақ заттар мен ойыншықтарды лақтыруға, одан қайта алуға, унитаздар арасындағы калқаларға ілініп тұруға болмайды.
4. Жуынатын бөлмеде жүгіруге, секіруге, су шашуға, ойнауға, тазалау құралдарын ұстауға, орамал кептіргішке ілініп тұруға, батарея торына және терезенің алдына шығуға болмайды; себзегіні өзбетінше қолдануға болмайды.
5. Қолды жуған кезде сабынды қолдану.
6. Қолды жуу немесе жуыну кезінде қранды қатты ашпау керек.
7. Тек өзінің орамалымен сүртінуге қажет.
8. Балалар үнемі тәрбиешінің бақылауында болуы керек.



**Балабақшада тамақтану кезінде тәрбиеленушілердің
қауіпсіз мінез - құлық ережелерін сақтауы бойынша
№4 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық балабақша тәрбиеленушілерінің ас құралдарымен, сынған ыдыстармен жарақаттануын, ыстық тамақпен күйін калуын болдырмау мақсатында дзірленді.

1. Тамақтануға үстел басына құрдасымен таласпай, асықпай отыру керек.
2. Үстел басында дұрыс отыру: шынтақты үстелдің үстіне коюға болмайды.
3. Тамақ ішкенде қатты сөйлеуге болмайды.
4. Тамақты мұқият шайнау, тағамды үлкен бөліктерге бөліп, жеуге, сусынды қатты жұтып, ішуге болмайды.
5. Егер тамақ ыстық болса, оны үрлеп, суытуға болмайды, бірақ суығанша қасықпен ақырын араластыру керек.
6. Тамақты қолмен жеуге болмайды, күйіп қалмау үшін ас құралдарын: қасық, шанышқы, пышақ, шай қасықты қолдану керек.
7. Ас құралдарын сермеуге рұқсат етілмейді. Өзін және айналадағыларды жарақаттауы мүмкін.
8. Шанышқы – өте қауіпті зат, сондықтан шанышқыны шаншып алмау үшін жоғары көтеруге болмайтынын ескерту.
9. Тамақ ішкенде асықпай, сақтықпен тамақтану керек, тамақты жарақаттап және шашалып қалмау үшін шанышқыны ауызға терең сұғуға болмайды.
10. Өзінің, көршісінің тістерін, мұрнын және құлағын шанышқымен шұқуға болмайды.
11. Тамақ ішкенде бірінші тағам құйылған немесе екінші тағам салынған тәрелке үстелдің шетінен алшақ қойылуы керек, өйткені тәрелке құлап, күйіп калуы мүмкін.
12. Сорпа құйылған тәрелкені өзіне қарай еңкейтуге болмайды, сорпаны тәрелкенің шетінен ішпей, ас құралдарын қолдану қажет.
13. Сусын құйылған шыныаяқты тұтқасынан ұстап, шашалып қалмас үшін асықпай ішу керек.
14. Шыныаяқты сермеуге, лақтыруға болмайды, ол сынған жағдайда балаларды жарақаттауы мүмкін.
15. Егер ыдыс сынса, оның сынықтарын ұстауға болмайды, оларды ересектер жинап алады, сынықтардың өткір жиектері жарақаттауы мүмкін.
16. Тамақты ішіп болмай үстелдің басынан тұруға болмайды.

**Ойын әрекеті кезінде тәрбиеленушілердің
қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№5 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық ойын кезінде тәрбиеленушілердің жаракаттану жағдайларын болдырмау мақсатында әзірленді.

1. Ойыншықтарды, текшелерді лақтыруға, бір-бірін итеруге болмайды.
2. Үйден әкелінген заттарды: шыны, өткір және үшкір заттар, сіріңке, дәрі-дәрмектер және т. б. топқа/сыныпқа әкелуге және ойындарда қолдануға болмайды;
3. Үстел үсті ойындарын қолданғаннан кейін қораптарға салып, орнына қою керек. Ойындардың бөлшектерін және басқа да ұсақ заттарды алуға болмайды.
4. Ойын кезінде орындықтар мен үстелдердің үстіне шығуға, үстелдердің астынан еңбектеуге болмайды.
5. Топ бөлмесінде қимылды ойындар өткізген кезде тәрбиеші белгілеп берген аумақты ғана пайдалану керек.
6. Ойын ережесін орындау үшін басқа балаларға кедергі жасамау, итермеу, айқайламау керек.
7. Ас құралдарын, сюжетті-ролдік ойындардың атрибуттары: қайшылар, тарақтар, жебелері бар шарлар, доптарды және т.б. тек міндетіне сәйкес қолдану.
8. Бір-бірінен ойыншықтарды тартып алуға болмайды.
9. Ойын аяқталғаннан кейін барлық ойыншықтар мен ойын материалдарын орындарына қою керек.
10. Табиғат бұрышындағы еңбекті тек тәрбиешінің бақылауымен жүзеге асыру қажет.
11. Теледидар немесе ноутбукті тек тәрбиеші қосады.
12. Розеткалармен ойнауға, оларға заттарды сұғуға тыйым салынады.




**Бейнелеу әрекеті бойынша материалдармен жұмыс істеу кезінде
тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№6 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық балалардың сурет салуға, мүсіндеуге және жапсыруға арналған материалдармен (қағаз, ермексаз, сазбалшық, бояулар, балауыз борлар, настель, фломастерлер, желім) жаракаттану жағдайларын болдырмау мақсатында әзірленді.



1. Бейнелеу әрекеті (сурет салу) бойынша жұмыстың алдында арнайы киім кию керек (алжапқыш, жеңқап және т.б.).
2. Тәрбиешінің айтқанын мұқият тыңдап, тапсырманы орындауда қолданатын тәсілдерді көрсетуін қадағалау.
3. Қағазбен жұмыс істегенде қағаздың қырына қолды кесіп алудан, қағаздың ауызға түсіп кетуінен сақ болу керек.
4. Ермексазбен және сазбалшықпен жұмыс істегенде ауызға, мұрынға, құлаққа тиіп кетпеуін қадағалау, бетті, киімді ластаудан сақ болу керек.
5. Балауыз борлармен және настельмен жұмыс істеу кезінде:
 - оларды ауызға алуға;
 - өзінің немесе көршісінің құлағына, мұрынына, көзіне салуға;
 - оларды сермеуге;
 - сындыруға;
 - оларға арналмаған орынға қоюға;
 - өзінің, көршісінің денесіне немесе киіміне сурет салуға;
 - оларды лақтыруға тыйым салынады.
6. Қылқаламмен және қарындашпен жұмыс істеу кезінде:
 - оларды ауызға алуға;
 - өзінің немесе көршісінің құлағына, мұрынына, көзіне салуға;
 - қылқаламды, қарындашты, фломастерді сермеуге;
 - қылқаламды сындыруға, қылын жұлуға;
 - оларға арналмаған орынға қоюға;
 - өзінің, көршісінің денесіне немесе киіміне сурет салуға;
 - қылқаламдар мен қарындаштарды лақтыруға қатаң тыйым салынады.
7. Қылқаламда немесе қарындашта ақаулар болған жағдайда тәрбиешіге жүгіну.
8. Қарындашпен жұмыс істеп болғаннан кейін оны белгіленген орынға ұшталған жағын жоғары қаратып қою керек.
9. Бояулармен және желіммен жұмыс істегенде олардың көзге, ауызға, мұрынға тиіп кетпеуін қадағалау, бетті, киімді ластаудан сақ болу керек.
10. Қандай да бір ақаулар мен қиындықтар туындаған жағдайда міндетті түрде тәрбиешінің көмегіне жүгіну керек.
11. Тәрбиешінің рұқсатынсыз қайшыны алуға болмайды.
12. Қайшыны оң қолға ұстау керек.
13. Қайшыны ұштарын жоғары қаратып ұстауға тыйым салу.
14. Қайшыны ашық күйде қалдыруға болмайды.
15. Қайшының ұштарын өзіне қарай бұруға болмайды.

16. Балалар бір - бірінен 1 метр қашықтықта отыруы керек.
17. Қайшымен жұмыс істеу кезінде дұрыс қалыпта отыру.
18. Қайшымен жұмыс істеген кезде мұқият және абай болу керек, қайшыны және басқа құралдарды қолға ұстануға болмайды және басқа балаларға кедергі жасамау керек.
19. Жан-жағына алаңдауға және қайшыны сермеуге болмайды.
20. Қайшыны көршісіне ұштарын жауып, дөңгелектері бар жағымен беру керек.
21. Жұмыс аяқталғаннан кейін барлық материалдарды орнына қою.
22. Арнайы киімді шешіп, орнына іліп қою керек.
23. Жұмыс аяқталғаннан кейін қолды мұқият жуу, орамалмен сүрту.
24. Тіпті жеңіл жарақат алған жағдайда да тәрбиешіге айту керек.



Қайшымен жұмыс ережесі.


- Қағаз қиған кезде қайшыны емес, қағаз паратып жылжыт.
- Қайшының ұшын жоғары қаратып ұстама.
- Қайшыны біреуге бергенде, жабық күйінде бер.
- Желімді аузына салма.
- Жұмыс біткен соң қайшыны арнаулы қоранына салып қой.



**Ұсақ моториканы дамыту үшін материалдармен жұмыс істеу кезінде тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№7 НҰСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық балалардың жарақаттану жағдайларының алдын алу мақсатында әзірленді.

1. Сынған немесе жарылған бөлшек тауып алса, оны тәрбиешіге беру керек.
2. Шығармашылық үшін арнайы бөлінген орында ұсақ бөлшектермен үстел басында жұмыс істеу керек.
3. Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған конструктордың, мозаиканың, басқа материалдардың ұсақ бөлшектерін ауызға алуға, мұрынға немесе құлаққа сүтуге болмайды.
4. Егер балалардың біреуі осылай істеп жатқанын байқаса, дереу тәрбиешіге айту керек.
5. Моншақтарды жіпке тізбектеу және байлау кезінде саусаққа бауды немесе сымды бірнеше қабаттап орауға болмайды (қан айналымын бұзбау үшін).
6. Ойынды толық қалпында сақтау үшін конструкторлардың ұсақ бөлшектерін жоғалтуға, лақтыруға, үйге алып кетуге рұқсат етілмейді.
7. Ойнап болғаннан кейін әр конструкторды өз қорабына жинап, қақпағын жауып, орнына қою керек.



**Табиғат бұрышында еңбек етуде тәрбиеленушілердің
қауіпсіз мінез - құлық ережелерін сақтауы бойынша
№8 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық балалардың шаруашылық құралдарымен жарақаттану, жануарлардың тістеп алу жағдайларының алдын алу мақсатында әзірленді.

1. Табиғат бұрышында жұмыс істегенде халат немесе алжапқыш кию керек.
2. Еңбек ету үшін материалдарды алу ыңғайлы болатындай етіп орналастыру керек.
3. Жұмыс істеу ыңғайлы болатындай тұру керек (арнайы сүйеніштерде, орындықтарда).
4. Өсімдіктерді, көшеттерді отырғызу кезінде міндетті түрде қолғап кию керек.
5. Тәрбиеші түсіндіріп, көрсеткеннен кейін ғана табиғат бұрышында жұмыс істеуге кірісу керек.
6. Жануарларды тордан алып шыққанда, оларды тістеп алмас үшін шүйдесінен ұстау керек.
7. Сүтқоректілердің торлары мен қоршауларын қолғап киіп тазалау керек.
8. Жақында ұрпақ әкелген аналықтарды қоршаудан шығаруға болмайды, тістеп алуы мүмкін.
9. Құмырадағы топырақты шашыратпай, тамырларына зақым келтірмей, өсімдіктердің топырағын мұқият қопсыту керек.
10. Құрал-жабдықтарды (материалдарды) тек міндетіне сәйкес пайдалану.
11. Балалардың шамасы келетін жұмыс түрлері және олардың барысында туындауы мүмкін қауіптер:

№	Жұмыс түрлері	Ықтимал қауіптер
1	Өсімдіктерді суару	құмыраның құлауы, киіміне су төгіп алу, өсімдіктермен улануы
2	Өсімдіктерді қопсыту	қопсытуға арналған таяқшалармен дене бөліктерін жарақаттау (әсіресе көз, бас)
3	Өсімдіктерді қайта отырғызу	дене бөліктерін жарақаттау; топырақтың көзге, ауызға, құлаққа түсуі; киіміне су төгіп алуы
4	Балықтарды қоректендіру	Балықтарға арналған азықпен улану; киіміне су төгіп алу; аквариумнан лас судың аузына түсуі
5	Жануарларды қоректендіру	жануарлардың тістеп алуы; жануарларға арналған азықпен улану, жануарлардан қандай да бір ауруларды жұқтыру

12. Табиғат бұрышында жұмыс істеген кезде бір-бірін итеруге, құралдарға таласуға, аузына заттарды алуға болмайды.
13. Жұмысты аяқтағаннан кейін халатты шешіп, орнына қою керек.
14. Қолды міндетті түрде сабынмен жуу.
15. Қандай да бір жарақат алған жағдайда тәрбиешіге айту керек.

**Тәрбиеленушілердің спорт залына барған кезде және
«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекетінде қауіпсіз
мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№9 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық балалардың жарақаттану жағдайларының алдын алу және денсаулығын сақтау мақсатында мектеп жасына дейінгі балалар үшін әзірленді.

1. Спорт залға тек тәрбиешінің еріп жүруімен келіп, қайту керек.
2. Спорт залға спорттық киімде және ойыншықсыз келу керек.
3. Жаттығуларды орындау кезінде дене шынықтыру нұсқаушысының барлық талаптарын мұқият тыңдап, орындау қажет.
4. Жаттығуларды орындаған кезде сөйлесуге болмайды, өйткені бала тілін тістеп алуы мүмкін.
5. Қимылды ойындар ойнағанда бір-бірін итеруге болмайды.
6. Басқа балалар ойнап жатқан спорттық жабдықтарға жақындауға болмайды.
7. Өз кезегін күтуі керек немесе балалармен уақыт туралы келісуге болады.
8. Спорттық жабдықтарда айналысқан кезде бір-бірін итермеу керек.
9. Гимнастикалық қабырғаға асықпай көтерілу және одан түсу.
10. Спорттық жабдықтарды өзбетінше алуға болмайды.
11. Спорттық жабдықтарды рұқсатсыз жылжытуға болмайды.
12. Қалыңдықты болдырмау үшін жүгіру кезінде кенеттен тоқтамау керек.
13. Жаттығуларды бірінің артына бірі тұрып орындау кезінде қауіпсіз қашықтықты сақтау керек.
14. Спорттық жабдықтардың бұзылғанын байқаған жағдайда бұл туралы дене шынықтыру нұсқаушысына немесе тәрбиешіге айту керек.
15. Ұйымдастырылған іс-әрекет аяқталғаннан кейін бірінің артынан бірі сапқа тұрып, бір-бірін итермей, шуламай спорт залдан баяу қадаммен шығу керек.

**Тәрбиеленушілердің музыка залында қауіпсіз мінез- құлық
ережелерін сақтауы бойынша
№10 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде балалардың жарақаттану жағдайларының алдын алу мақсатында әзірленді.

1. Музыка залында балалардың мінез-құлқының жалпы ережелері

1.1. Музыка залына тек тәрбиешінің еріп жүруімен келіп, қайту керек.

1.2. Музыка залында дыбыстық және музыкалық аппаратура орналасқан. Оған жақындауға және оны қосуға, сымдар мен кабельдерін ұстауға болмайды.

1.3. Музыкалық құралдарды, аспаптарды тек музыка жетекшісінің немесе тәрбиешінің рұқсатымен пайдалануға болады.

1.4. Еденге құралдарды тастауға, оларды басуға болмайды.

1.5. Музыка залында жүгіруге, секіруге, шулауға болмайды.

1.6. Басқа балалар сүрінбеуі үшін орындықтарда тербеліп, аяқтарды алға созуға болмайды.

1.7. Музыка залында ауыр заттарды (орындықтар, аппаратура, декорациялар) жылжытуға болмайды.

2. «Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде тәрбиеленушілердің мінез-құлық ережелері

2.1. Қимылды ойындарды, жаттығуларды, билерді орындау кезінде мінез-құлық ережелерін сақтау керек: бір-біріне қарай жүгірмеу, соқтығыспау, бір-бірін итермеу, киімінен тартпау.

2.2. Егер музыкамен қимылдарды орындау кезінде (жүгіру, секіру, билеу) кенеттен қолынан зат түсіп кетсе - басқа балаларға кедергі келтірмеу үшін қимылдар аяқталғанға дейін тоқтамау, оны көтермеу керек.

2.3. Музыкалық шығарманы тыңдағанда немесе жаңа әнмен таныстырғанда дұрыс отыру керек (аяқтар бірге, қолдар тізенің үстінде), алаңдамай, музыканы, әнді мұқият тыңдау.

3. Балалардың музыкалық аспаптарын қолдану ережелері

3.1. Музыкалық аспаптарды тек музыка жетекшісінің рұқсатымен қолдануға болады.

3.2. Қажет болмаса фортепианоны ұстауға болмайды, оның қақпағы ауыр, баланың жарақаттанып қалуы мүмкін.

3.3. Құралдарды еденге, терезеге, қабырғаға, айнаға немесе бір-біріне лақтыруға, оларды басуға болмайды.

3.4. Музыкалық аспаптардан дыбыстарды қатты шығаруға болмайды.


3.5. Ұйымдастырылған іс-әрекет аяқталғаннан кейін барлық аспаптарды музыка жетекшісіне тапсыру керек.

3.6. Музыка залынан асықпай, ұйымдасқан түрде шығу керек.

**Баспалдақпен көтерілу және одан түсу кезінде
тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№11 НУСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық білім беру ұйымдарының баспалдақтарында балалардың жарақаттану жағдайларының алдын алу үшін әзірленді.

1. Ересектің еріп жүруінсіз баспалдаққа көтеріліп, түсуге болмайды.
2. Баспалдақпен төмен түсіп, көтерілген кезде таяныштан ұстау керек.
3. Баспалдақпен түсу және көтерілу кезінде жұппен жүруге және бір-бірінің қолынан ұстауға болмайды.
4. Баспалдақпен төмен түсіп, көтерілгенде абай болу керек, сатылардан аттап отуға, секіруге болмайды.
5. Сатылардың шетіне тұруға, сатылардан секіруге болмайды.
6. Баспалдақпен жүгіруге, бір-бірін қуалауға, итеруге тыйым салынады.
7. Алда келе жатқан тәрбиеленушілердің қолынан, киімдерінен тартуға тыйым салынады.
8. Қолына үлкен заттарды алып, баспалдақпен төмен түсуге болмайды.
9. Таяныштың аралығына кіруге, оларға ілініп тұруға болмайды.
10. Ересектердің рұқсатынсыз және ересектің еріп жүруінсіз топқа /кабинетке оралуға болмайды.
11. Бала баспалдақта жарақаттанып қалған жағдайда тәрбиешіге айтуы керек.



**Серуендеуге дайындық кезінде
тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлқ ережелерін сақтауы бойынша
№12 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық серуендеуге дайындық кезінде балалардың жарақаттану жағдайларын болдырмау мақсатында балабақша тәрбиеленушілері үшін әзірленді.

1. Серуенге шығу үшін дұрыс киіну керек.
2. Асықпай, киімді шкафтан алып, шашпай киіну керек.
3. Киіну кезінде бір-бірін итеруге, киімінен тартуға болмайды.
4. Киіну кезінде барлық түймелерінің тағылғанын, бауының байланғанын тексеру керек.
5. Дұрыс киінбеген жағдайда бұл серуен кезінде кедергі келтіруі мүмкін.
6. Киімнің қалталарында бөгде заттар болмауы керек, өйткені ұсақ заттар жоғалып кетуі мүмкін.
7. Серуенге дайындалған кезде шкафтың ішіне кіруге, жасырынуға болмайды, бала саусақтарын қысып алуы мүмкін.
8. Серуенге тек тәрбиешімен бірге шығу керек.
9. Баспалдақпен түскенде абай болу керек, таяныштын ұстауды ескерту қажет.
10. Бала өзінің және артынан келе жатқан құрдастарының саусақтарын қысып қалмас үшін есіктерді сақтықпен ашып, жабу керек.



**Білім беру ұйымының ауласында серуен кезінде
тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№13 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық білім беру ұйымының ауласында серуен кезінде балалардың жарақат алу жағдайларын болдырмау мақсатында әзірленді.

1. Серуенге тәрбиешімен бірге шығу керек.
2. Баспалдақпен түскенде аяқтың астына қарау, бір-бірін итермеу, асықпау, таяныштан ұстау керек. Білім беру ұйымының ғимаратынан баяу шығу керек.
3. Кіреберістен шығып, жүгіруге болмайды.
4. Таяқтарды, тастарды және басқа қауіпті заттарды ұстамау және оларды лақтырмау керек.
5. Төбешікке тек баспалдақпен көтерілу керек, онда ойын ұйымдастыруға болмайды.
6. Төбешіктен кезекпен сырғанау: басқаларға сырғанауға жол беру, сосын өзі сырғанауы керек.
7. Түрлі заттарды ауызға алуға, оларды жалауға болмайды.
9. Учаскенің (алаңның) шегінен шығуға тыйым салынады.
10. Қоршауға, ағаштарға, орындықтарға шығуға болмайды.
11. Құрдастарымен бірге ойнау, ұрыспау, жанжалдаспау керек.
12. Аулаға бейтаныс адам келсе:
 - оған жақындауға;
 - оның қолынан зат алуға;
 - бейтаныс адаммен сөйлесуге;
 - бейтаныс адаммен кетуге;
 - бейтаныс адамға өзі туралы, отбасы туралы айтуға болмайды.
13. Бейтаныс адамды байқаған жағдайда дереу тәрбиешіге айту керек.
14. Бөгде затты көрген жағдайда:
 - бөгде затқа жақындауға;
 - оны аяқпен немесе таяқпен түртуге болмайды.
15. Табылған заттан алшақ кету керек.
16. Тәрбиешіге қауіпті (күдікті) заттың табылғаны туралы айту қажет.
17. Жаз мезгілінде:
 - ыстық күндері бас киім кию;
 - ыстық күндері көлеңкеде ойнау;
 - тек тәрбиешінің рұқсатымен жалаңаяқ жүру;
 - күнге тікелей қарауға болмайды, бұл көру қабілетінің нашарлауына әкелуі мүмкін;
 - серуенде жеке ыдыстан қайнаған су ішу керек;
 - серуен кезінде қол лас болатындықтан жемістерді (алма және т. б.) жеуге;
 - үшкір, өткір заттарды;
 - саңырауқұлақтарды, өсімдіктер мен жидектерді жұлға болмайды.
18. Қыс мезгілінде:
 - күм себілген жолмен жүру;

- қолдарынан ұстамай, бір-бірін итермей, бір-бірінен белгілі бір қашықтықта жүру;

- көктайпақ кезінде жеңіл адымдан жүру, бірақ сырғанамау;
- металл заттар мен жабдықтарға ерін мен тілді тигізбеу;
- жұқа мұз жанқан шалшықтармен жүрмеу;
- көзге қар лақтырмау;
- ойын кезінде бір-бірін итермеу, аяқтан шалмау;
- ғимараттан 1,5 метр алыс жүру, мұз сүңгілері мен қардың құлауы мүмкін;
- құлаған мұз сүңгілерін ұстауға немесе жалауға;
- құлап қалған жағдайда дереу тәрбиешіге айту керек.

19. Аланда қимылды ойындар өткізу кезінде:

- ойын ережелерін мұқият тыңдау;
- ойынды тек тәрбиешінің белгісі бойынша бастау;
- тек белгіленген жерде ойнау;
- лақтыру кезінде басқа балаларды нысанаға алуға болмайды;
- тек белгіден кейін донты лақтыру және оның артынан жүгіру;
- ойын кезінде бір-біріне соқтығыспау, аяқтан шалмау, киімнен тартпау, бір-бірін итермеу керек.

20. Әткеншек тебу кезінде:

- тек тәрбиешінің рұқсатымен және бақылауымен тебу;
- жарақаттанбау үшін әткеншекке бір баланы ғана отырғызу;
- әткеншекте қатты тербелмеу;
- басқа бала әткеншекте отырған кезде әткеншекке жақындамау;
- әткеншектің орындығына аяқпен тұрмау;
- әткеншек тоқтағанға дейін одан түспеу;
- тұтқасынан мықтап ұстау керек.

21. Аулаға кіріп кеткен жануарлардан сақ болу, оларды ұстауға немесе ызаландыруға болмайды.

22. Жарақат алған жағдайда дереу тәрбиешіге айту керек.

23. Серуенге алып шыққан ойыншықтарды жинауға тәрбиешіге көмектесу және тонқа қайту үшін екі – екіден сапқа тұру керек.

24. Серуеннен тек тәрбиешінің рұқсатымен және топпен ұйымдасқан түрде кетуге рұқсат етіледі.

**Балабақшаның жатын бөлмесінде тәрбиеленушілердің
қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№14 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық жатын бөлмеде болған кезде балалардың жарақат алу жағдайларының алдын алу мақсатында әзірленді.

1. Ұйқыға жатар алдында дәретханаға барып, бетті жуып, ауызды шаю керек.
2. Балабақшаның жатын бөлмесінің есігін ашу және жабу кезінде абай болу керек. Саусақтарды есіктің арасына қоюға, есікті тарсылдатуға болмайды.
3. Жатын бөлмеге тыныш кіру, жүгірмеу, кереуеттердің өткір бұрыштарына назар аудару керек.
4. Жатын бөлмеге бөгде заттарды (тамақ қалдықтары, шаш қыстырғыш, сақиналар, ойыншықтар және т.б.) алып кіруге болмайды.
5. Аузыңызда, қолыңызда немесе пижаманың қалтасында кәмпіттер, компоттын сүйектері, ұсақ ойыншықтар, мозиканың бөлшектері және т. б. ұстауға болмайды.
6. Ұйықтар алдында шешіну және ұйқыдан кейін киіну кезінде кереуеттердің арасында жүгіруге, киімдерді, төсек жапқыштарды, көрпелерді сермеуге, жастықтарды лақтыруға болмайды.
7. Киімді орындықтарға ұқыпты бүктеп қою керек. Орындықтар өтуге кедергі келтірмеу үшін, тек рұқсат етілген жерде тұруы керек.
8. Ұйықтағанда көзілдірікті шешу, оны арнайы үстелге қою керек (көзілдірік киетін балалар болса).
9. Жатын бөлмеде сөйлесуге, басқа балаларға кедергі жасауға болмайды.
10. Ерте оянған баланың шуламауын қадағалау керек.
11. Жатын бөлмеде жеңіл жарақат алған жағдайда дереу тәрбиешіге айту керек.



**Тәрбиеленушілердің білім беру ұйымынан тыс серуендеу және
экскурсиялар кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№15 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық білім беру ұйымынан тыс жерлерде серуен және экскурсиялар кезінде балалардың жарақат алу жағдайларының алдын алу мақсатында әзірленді.

1. Далаға шықпас бұрын дұрыс киіну керек: түймелерді тағу, бауларды байлау және т. б..
2. Далаға шықпас бұрын жұппен немесе үшеуден сапқа тұру керек.
3. Қасында бірге кім тұрғанын есте сақтап алу керек.
4. Тәрбиешінің бағдар туралы айтқанын мұқият тыңдау керек.
5. Қолында ойыншықтар немесе заттар болмауы керек – оларды ересек адам алып жүруі керек.
6. Ересектің ерітіп жүруінсіз балабақша/мектеп аумағынан шығуға тыйым салынады.
7. Жаяу серуендеу кезінде:
 - жұптар арасындағы қашықтықты сақтау;
 - баяу қадаммен жүру;
 - алда келе жатқан балаларды итермеу;
 - оларды киімдерінен тартпау және ұстамау;
 - аяқтан шалмау;
 - топтан қалып қоймау (егер қандай да бір себептермен тоқтау керек болса, тәрбиешіге ескерту керек, бәрі тоқтап, сізді күтеді);
 - мұқият болу, тәрбиешіден қалып қоймау;
 - тәрбиешінің айтқанын есту үшін ақырын сөйлеу, айқайламау;
 - тек оң жақтағы тротуармен жүру, саптан шықпау қажет.
8. Жолдың жиегімен жүруге тыйым салынады.
9. Жолдың жүру бөлігін тек ересектермен жаяу жүргіншілер өткелі арқылы, бағдаршамның жасыл түсі бойынша, ережелерді сақтай отырып өту керек.
10. Жерден әртүрлі заттарды (ойыншықтар, қағаздар, бөтелкелер және т.б.) алуға тыйым салынады.
11. Бейтаныс жануарларға жақындауға және оларды сипауға болмайды.
12. Бейтаныс адамдармен кетуге, олардан тәрбиешінің рұқсатынсыз заттар алуға (ойыншықтар, суреттер, кәмпіттер және т.б.) тыйым салынады.
13. Жеңіл жарақат алған, өзін нашар сезінген (шаршау) жағдайда дереу тәрбиешіге айту керек.

**Құммен ойнау немесе эксперимент жасау кезінде, сондай-ақ далада тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№16 НҮСҚАУЛЫҚ**


Нұсқаулық құммен ойнау немесе тәжірибе жасау кезінде, сондай-ақ далада балалардың жаракат алу жағдайларының алдын алу мақсатында әзірленді.

1. Құмды лақтыруға, шашуға болмайды, құммен мұқият ойнау, құмды ұқыпты қазып, құрастыру, құмсалғышта және құмсалғыштың жанында бір-бірін итермеу керек.

2. Құммен ойнауға арналған ойыншықтар мен құралдарды лақтыруға болмайды, оларды мұқият пайдалану керек.

3. Лас қолмен көзді, бетті уқалауға болмайды, құммен ойнап болғаннан кейін қолды жуу керек.

4. Егер құм көзге, құлаққа, мұрынға немесе ауызға түссе, оларды бірден сумен жуып, ересектерге (тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне) айту керек.



**Эксперимент жасау және сумен ойнау кезінде
(сабын көпіршіктері), сондай-ақ далада
тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№17 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық тәжірибе жүргізу және сумен ойнау кезінде, сондай-ақ далада балалардың жарақат алу жағдайларының алдын алу мақсатында әзірленді.


1. Барлық сумен ойналатын ойындар (сабын көпіршіктері) тек тәрбиешінің рұқсатымен өткізіледі.
2. Сабынды суды белгілі бір ыдысқа тек тәрбиешінің рұқсатымен күйю керек.
3. Сабын көпіршіктерін үрлеу үшін тек пластмасса түтіктерді немесе дайын сабын көпіршіктерінен арнайы құрылғыларды қолдану керек.
4. Басқа балалардың бетіне және киіміне сабынды суды шашуға болмайды.
5. Сабынды суды ішуге болмайды.
6. Балаларды түтікпен нұқуға тыйым салынады.
7. Сабын көпіршіктерін басқа балалардың бетіне үрлеуге болмайды.
8. Сабын көпіршіктерімен топта немесе аулада жүгіруге, сабын көпіршіктерін бір-бірінен тартып алуға, қолында сабын көпіршіктерін ұстап жүрген балаларды итеруге болмайды, себебі сабын сұйықтығы төгіліп, бала тайып, құлап, жарақат алуы мүмкін.
9. Ойыннан немесе эксперимент жасап болғаннан кейін қолды мұқият жуып, заттарды орнына, ойыншықтардан бөлек қою керек.
10. Сабынды су көзге тиіп кетсе, дереу тәрбиешіге айту керек.



**Медициналық кабинетте
тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№18 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық медициналық кабинетке барған кезде балалардың жаракат алу жағдайларын болдырмау мақсатында әзірленді.


1. Медициналық кабинетке барар алдында қолды сабынмен жуу керек.
2. Медициналық кабинетке кіру және одан шығу тәрбиешінің немесе медицина қызметкерінің еріп жүруімен орындалуы керек.
3. Медициналық кабинетке сырт киіммен, бас киіммен және ауыстыратын аяқ киімсіз кіруге болмайды.
4. Медициналық кабинетке барудың себебі туралы медицина қызметкерін мұқият тыңдау керек.
5. Медицина қызметкерінің нұсқауларын орындау қажет.
6. Кушеткада ұқыпты және тыныш жату керек.
7. Егер медициналық кабинетте сынап термометрлері болса, оларды сындырып алмау үшін өте мұқият пайдалану керек.
8. Кабинетте шыныдан жасалған заттарды, медициналық құралдарды және дәрі-дәрмектерді ұстауға болмайды.
9. Дәрігердің тағайындауынсыз дәрі-дәрмекті ауызға алуға, қалтаға салуға болмайды.
10. Дәрі-дәрмектер мен шыны ыдыстағы сұйықтықтарды иіскеуге болмайды.
11. Егер шыны ыдыстар сынып қалса, сынықтарды ұстауға болмайды, оларды медицина қызметкері жинап алады.
12. Медициналық кабинеттегі электр құрылғыларын, сымдар мен розеткаларды ұстауға болмайды.
13. Тексеру, егу және басқа медициналық шаралар кезінде үрейленудің, айқайлаудың және ересектердің қолынан ұстаудың қажеті жоқ. Айқай-шу басқа балаларды қорқытып, медициналық шараны қиындатуы мүмкін.
14. Медициналық шаралар басталғанға дейін және аяқталғаннан кейін медицина қызметкеріне өзінің жағдайы туралы (бастың айналуы, ауырсыну, жүректің айнуы және т.б.) айту керек.



**Бассейнде
тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№19 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық бассейнге барған кезде балалардың жаракат алу жағдайларын болдырмау мақсатында әзірленді.

1. Бассейн бөлмесіне ұйымдасқан түрде кіру, шешіну үшін жеке орын алу керек.
2. Жүзуге арналған қалпақ, душ қабылдауға арналған резеңке аяқ киім кию керек.
3. Сырғанақ емес жолмен бассейн бөлмесіне ақырын кіріп, орындыққа отыру.
4. Жүзу нұсқаушысының барлық бұйрығын мұқият тыңдап, орындау керек.
5. Бассейнге баспалдақпен бір-бірден түсу, басқа балаларды итермеу.
6. Судағы барлық тапсырмаларды қатаң түрде ысқырықпен орындау керек.
7. Жүзуге арналған спорттық жабдықты, тек міндетіне сәйкес пайдалану.
8. Тапсырманы орындау кезінде басқа балаларға су шашуға және оларға қарай жүзуге тыйым салынады.
9. Басқа балаларды суға батыруға жол бермеу керек.
10. Егер жаттығуды орындауда қиындықтар туындаса, жүзу нұсқаушысына айту керек.
11. Бассейннен ұйымдасқан түрде басқа балаларды итермей, жүзу нұсқаушысының рұқсатымен бір-бірден шығу керек.



**Жануарларды бақылаган кезде
тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№20 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық жануарларды бақылаган кезде балалардың жарақат алу жағдайларының алдын алу мақсатында әзірленді.

1. Көшеде қаңғыбас мысықтар мен иттерге жақындауға, оларды сипауға және қолға алуға болмайды. Олар ауру болуы немесе жануарлар тістеп алуы мүмкін.

2. Жануарларды ызаландыруға, ұруға, оларға тас немесе таяқ лақтыруға болмайды.

3. Жануарлардан азықты тартып алуға, оларды қоректендіруге болмайды.

4. Жануарлардың төлдеріне тиісуге болмайды.

5. Жануардың құйрығынан тартуға болмайды.

6. Итке қол сермеуге болмайды, оны ызаландырып алуы мүмкін.

7. Иттен кашуға, кенеттен қимыл жасауға болмайды.

8. Жануарларға қамқорлықпен қарау және иесі болмаған кезде оларға тиіспеу керек.

9. Жануарлар ұйықтап жатқанда немесе қоректенген кезде тиіспеу керек.

10. Иттің немесе мысықтың ойнап жатқан затын тартып алуға болмайды.

11. Бөтен иттерді қоректендіруге болмайды.

12. Байлаулы тұрған итке жақындауға болмайды.


13. Жануарларды, тіпті үйдегі мысықтар мен иттерді сүюге болмайды, өйткені олар далаға шыққанда жер қазады, сондықтан олардың тұмсығында көптеген микробтар болады, олар сүйген кезде жұғуы мүмкін.

14. Егер жануар тістеп алса, бұл туралы дереу ересектерге айтып, дәрігерге қаралу керек.

15. Жануарлармен ойнап болған кейін міндетті түрде қолды сабынмен жуу керек.

16. Ішкің ішін қарауға және оған қол салуға болмайды.

17. Құстардың ұясын бұзуга болмайды.



**Жәндіктерді бақылау кезінде
тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№21 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық жәндіктерді бақылау кезінде балалардың жарақаттану жағдайларын болдырмау үшін әзірленді.

1. Егер баланың жанында ара немесе сона ұшып жүрсе, оны ұстауға немесе олтіруге тырыспау керек. Аралар мен соналар қатты шағады. Басқа жерге ауысу керек.

2. Құмырскалардың илеуін ұстауға және оны аяқпен басуға болмайды. Құмырскалар өз илеуін қорғап, қатты шағады.


3. Ара немесе сона шағып алса, дереу тәрбиешіге айту керек.

4. Шағып кеткен жерді қасуға болмайды, ол жараға айналуы мүмкін.

5. Көбелектерді, шегірткелерді және басқа жәндіктерді аулауға, олардың аяқтарын мен канаттарын жұлып алуға болмайды.

6. Баланың денесінен кенені байқаған жағдайда оны алып тастауға тырыспау керек, себебі оның бізгегі тері астында қалып қоюы мүмкін, дереу тәрбиешіге айтып, медицина кабинетіне апару керек.

7. Серуеннен оралғанда кенелер мен басқа жәндіктердің жоқ екеніне көз жеткізу үшін баланың денесі мен киімін мұқият тексеру қажет.



**Өсімдіктер мен жеміс-жидектерге күтім жасау кезінде
тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№22 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық өсімдіктер мен жеміс-жидектерге күтім жасау кезінде балалардың жарақат алу жағдайларын болдырмау үшін әзірленді.

1. Өсімдіктерге күтім жасау кезіндегі қауіпсіздік ережелері.

1.1. Таныс емес жеміс-жидектерді жеуге болмайды.

1.2. Жеуге жарамды өсімдіктерді, көкөністерді, жемістер мен жидектерді жуып жеу керек.

1.3. Таныс емес гүлдерді, бұталарды, өсімдіктерді ұстауға болмайды. Улы өсімдіктерді ұстау қауіпті, олар терінің күйіп қалуына және жазылуы қиын жаралардың пайда болуына әкелуі мүмкін.

1.4. Шөпті тістеуге болмайды, өйткені көптеген өсімдіктердің сабақтары, жанырақтары, гүлдері улы болады, ал кейбір жеуге жарамсыз жидектер адамды өлімге әкелуі мүмкін.

1.5. Серуеннен, саябақтан, орманнан келгеннен кейін қолды сабынмен жуу керек.

1.6. Көптеген дәрілік өсімдіктер бар. Оларды саяжайда, орманда ересектермен бірге жинау керек.

2. Саңырауқұлақтарды ұстауда қауіпсіздік ережелері.

2.1. Шикі саңырауқұлақтарды ауызға алуға болмайды.


2.2. Саябақта, бақшада саңырауқұлақтарды теруге болмайды, олар улы болуы мүмкін.

2.3. Саңырауқұлақтарды орманда тек ересектердің рұқсатымен жинауға болады.

2.4. Серуенде саңырауқұлақтарды көрген жағдайда:

- оларды ұстауға болмайды;

- бұл туралы ересек адамға айтып, сол жерді көрсету керек.



Тұрмыста тәрбиеленушілердің

қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша №23 НҮСҚАУЛЫҚ

Нұсқаулық балалардың тұрмыста жарақат алу жағдайларын болдырмау мақсатында әзірленді.


1. Үйде терезенің алдына шығып, ойнауға болмайды, бұл қауіпті. Терезеден сыртқа құлап кету немесе сынған шынымен жарақаттану қаупі бар.
2. Балкон қоршауынан төмен қарауға болмайды, құлап кетуі мүмкін.
3. Газ плитасын ересектердің бақылауынсыз пайдалануға тыйым салынады.
4. Қосылып тұрған электр құрылғыларымен ойнауға, оларды өшіруге, қуат сымынан ұстауға болмайды.
5. Розеткаларға металл заттарды сұғуға болмайды.
6. Су қарандарын пайдаланып болғаннан кейін жабу керек.
7. Есіктерді жабу-ашу кезінде саусақтарды қысып алмау үшін абай болу керек.
8. Шкафтардың, комодтардың, үстелдердің үстіне шығуға болмайды, құлап кету қаупі бар.
9. Өткір және шыны заттармен ойнауға болмайды, жарақат алу қаупі бар.
10. Дезодорант және ауа тазартқыштар баллондарымен, лактармен, сіріңкелермен және оттықтармен ойнауға болмайды, себебі бұл өрттің пайда болуына әкелуі мүмкін.
11. Дәрі-дәрмектермен, ұнтақтар мен жуатын заттармен ойнауға және дәмін көруге болмайды, бұл өте қауіпті.
12. Есіктердегі шынымен, айнамен соқтығысудан сақ болу керек. Шыны мен айнаға заттарды лақтыруға болмайды, шынының сынықтарымен жарақаттану қаупі бар.
13. Шыны, асхана ыдыстары сынса, сынықтарды қолмен жинауға болмайды, сыпырғыш (щетка) пен қалақты қолдану керек.
14. Ұсақ заттарды ауызға салуға, оларды мұрын мен құлаққа тығуға болмайды, байқаусызда жұтып қоюы мүмкін.
15. Үйде жалғыз болған жағдайда, бейтаныс адамдарға есікті ашуға болмайды. Есіктің саңылауынан қарап, есіктің сыртында туыстары тұрғанына көз жеткізу керек.
16. Серуенге шыққанда ауладан кетуге, бейтаныс адамдармен кетуге болмайды.
17. Бейтаныс адамға өзі және отбасы туралы айтуға болмайды.
18. Тәттілер, ойыншықтар сатып алып беруді, анасына немесе туыстарына анаруды ұсынса да өтіп бара жатқан көлікке отыруға болмайды, бөтен адамдардан ештеңе алуға болмайды.
19. Жарақат алмау үшін балалармен төбелеспей, жанжалдаспай, бір-бірін итермей тату ойнау керек.
20. Бейтаныс байламдарды, сөмкелерді көтеруге және үйге әкелуге болмайды, олардың ішіндегі заттар өміріне қауіп төндіруі мүмкін.
21. Иттерді ызаландыруға, қаңғыбас жануарларды ұстауға болмайды, тістен алуы мүмкін.

22. Құмсалғышта құм лақтырысуға болмайды, ол өзінің және айналасындағылардың көзіне түсуі мүмкін.

23. Ағашқа шығуға болмайды, бұтақ сынып, құлап кетуі мүмкін.

24. Далада жидектерді жеуге, саңырауқұлақтарды жұлуга болмайды, олар улы болуы мүмкін.

25. Жерден кәмпит, сағыз және басқа да тағамдарды көтеруге болмайды, себебі олар бүлінген болуы мүмкін.



Мектеп жасына дейінгі балаларға арналган өрт қауіпсіздігі бойынша №24 НҮСҚАУЛЫҚ

Нұсқаулық өрт туындаған жағдайда балалардың денсаулығы мен өмірін сақтау және өрттің қауіпті жағдайларының алдын алу мақсатында тәрбиеленушілер үшін әзірленді.

1. Өрт тудыру көздері: сіріңке, оттық, ақауы бар электр құрылғылары, сымдар, от, түтін, газ плитасының жанып тұрған оттығы.
2. Өрт қауіпсіздігінің жалпы ережелері
 - 2.1. Сіріңкемен және оттықпен ойнауға болмайды, бұл өрттің туындауына әкеледі.
 - 2.2. Дезодорант баллондарымен ойнауға болмайды.
 - 2.3. Ересектерсіз газды қосуға болмайды.
 - 2.4. Ересектер болмаған жағдайда электр құрылғыларын қосуға болмайды.
 - 2.5. Өзбетінше от жағуға тыйым салынады.
 - 2.6. Заттарды, баллондарды отқа тастауға болмайды, олар жарылуы мүмкін.
 - 2.7. Қағазды, шүберекті, жүнді, құрғақ шөпті жағуға болмайды – бұл өрттің пайда болуына әкеледі.
 - 2.8. Электр сымдарын ұстауға, оларға ештеңе ілуге, электр құрылғыларына жақын ойнауға болмайды.
 - 2.9. Өрт болған жағдайда дереу ересектерді шақыру керек.
3. Балабақша/мектеп аумағындағы өрт қауіпсіздігі ережелері
 - 3.1. Балабақшаға/мектепке сіріңке, оттық, газ және дезодорант баллондарын әкелуге тыйым салынады.
 - 3.2. Балабақша/мектеп аумағында от жағуға, отпашуларды қолдануға, сіріңке жағуға, отпен тәжірибе жасауға тыйым салынады.
 - 3.3. Түтіннің, күйген қағаздың, резинаның иісін сезген жағдайда дереу тәрбиешіге айту керек.
 - 3.4. Балабақшада/мектепте өрт болған жағдайда дыбыстық хабарлағын арқылы эвакуация жүргізіледі.
 - 3.5. Эвакуация кезінде сабырлы болу, тәрбиешінің нұсқауларын мұқият тыңдау керек, бір орыннан басқа орынға ауысқан кезде балаларды басып озуга, бір-бірін итеруге болмайды.
4. Үйде, пәтерде өрт қауіпсіздігі ережелері
 - 4.1. Үйде өрт болған жағдайда бөлмеден, пәтерден, үйден шығып, бұл туралы ересектерге (өтіп бара жатқан адамдарға, көршілерге) айту керек.
 - 4.2. Егер есік жабық болып, кілт болмаса, жылдам балконға шығып, көмекке шақыру керек.
 - 4.3. Өрт кезінде шкапка, керуеттің немесе диванның астына жасырынуға болмайды, ересектер таба алмауы мүмкін.
 - 4.4. Егер пәтердің (үйдің) ішін түтін алып кетсе, төмен еңкейіп, мұрын мен ауызды дымқыл орамалмен, киімнің жеңімен бүркеп, есікке қарай жылжу керек.
 - 4.5. Егер үстіндегі киімі өртеніп жатса, еденге немесе жерге жатып, домалап отты сөндіру керек.

4.6. Жанып жатқан электр құрылғыларын (теледидар, компьютер) сумен сөндіруге болмайды.

4.7. Өрт кезінде мыналарды:

- егер өрт шағын болса, оны сумен сөндіруге немесе қалың көрпемен (жамылғымен) жабуға болатынын;

- жанып жатқан электр құрылғыларын сумен сөндіруге болмайтынын;

- өрт қана емес, түгін де қауіпті екенін;

- бөлменің бұрыштарына, керуеттердің астына, шкафтардың артына және ішіне жасырынуға болмайтынын;

- өртеніп жатқан бөлмеде қалуға болмайды, шығып кетіп, ересектерді көмекке шақыру керек екенін білу керек.



**Тәрбиеленушілердің төтенше жағдайларда
қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№25 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық төтенше жағдайлар (жер сілкінісі, жарылыс, су тасқыны) кезінде жарақаттану жағдайларының алдын алу мақсатында білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері үшін әзірленді.

1. Төтенше жағдайларда дереу тәрбиешіге немесе басқа таныс ересек адамға бару керек.

2. Кереуеттердің, үстелдердің астына, шкафтардың ішіне жасырынуға, басқа бөлмелерге қашып кетуге және т.б. болмайды, бұл ересектердің баланы тез тауып, құтқаруына кедергі келтіреді.

3. Ересектің нұсқауларын орындау қажет.

4. Жер сілкінісі немесе жарылыс кезінде ересектің артынан ғимараттан ашық, қауіпсіз жерге шығу керек.


5. Ересек болмаған жағдайда қауіпсіз бағытты анықтап, өзбестінше шығу керек.

6. Су тасқыны кезінде жергіліктілерден алшақ болу керек, ғимараттың жоғарғы қабаттарына көтерілу қажет.

7. Балабақша/мектеп аумағынан тыс кетуге тыйым салынады.

8. Бейтаныс адамдармен кетуге болмайды.

9. Жарақат алған жағдайда дереу балабақшаның/мектептің кез келген қызметкеріне айту керек.



**Күннің күркіреуі және найзағай жарқылы кезінде
тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№26 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық күннің күркіреуі және найзағай жарқылы кезінде жаракаттану жағдайларының алдын алу мақсатында мектеп жасына дейінгі балалар үшін әзірленді.

1. Найзағай жарқылы кезінде ағаштың астында тұруға болмайды, мұндай қорғану әдісі адам үшін өте қауіпті.

2. Найзағай жарқылы кезінде ашық ойын алаңында немесе жағажайда жүруге болмайды. Бұл уақытта өзеннің жанында болуға, жүзуге, қайықпен жүзуге тыйым салынады.

3. Найзағай жарқылы кезінде, егер ашық жерде болса, онда таяз сайды тауып, аяқты бүгін, қолмен тізені күшпақтап, жерге отыру керек. Дымқыл жерге жатуға болмайды.

4. Қорғану ретінде мая шопті, сондай-ақ жеке тұрған ғимаратты пайдалануға болмайды.

5. Қолшатырды ашауға болмайды.


6. Металл заттарды өзінен алшақ ұстау керек.

7. Найзағай жарқылы кезінде көліктің ішінде отыруға болмайды.

8. Найзағай жарқылы, күннің күркіреуі кезінде үйдің терезелерін жабу керек, өтпе желге жол бермеу керек, металл жылыту құбырларына жақындауға, бағарейлар мен телефонды ұстауға болмайды, электр розеткаларынан мүмкіндігінше алшақ болу керек.

9. Компьютерді, теледидарды және басқа электр құрылғыларын электр қуатынан ажырату керек, ұялы телефонмен сөйлесуге болмайды.

10. Болмеге жарқыраған домалақ (домалақ найзағай) ұшып кірген жағдайда қозғалуға және үрейленуге болмайды. Оған қолды сермеуге, қашуға болмайды, оқыс қимыл оны өзіне қарай тартады. Терезені немесе есікті абайлап ашу керек, ауа ағынының әсерінен шар ұшып кетеді және жарылуы мүмкін. Егер найзағай өзіне қарай жақындаса, асықпай басқа жаққа қарай бұрылуға тырысу керек.



**Жол қозғалысы ережелерімен
мектеп жасына дейінгі балаларды таныстыру бойынша
№27 НҮСҚАУЛЫҚ**


Нұсқаулық көшеде жарақаттану жағдайларының алдын алу мақсатында мектеп жасына дейінгі балалар үшін әзірленді.

1. Көшеге шыққан кезде өтіп бара жатқан адамдарға кедергі келтірмеу үшін алдымен солға, содан кейін оңға қарау керек.
2. Көшеден немесе жолдан сирек өтуді талап ететін ең қауіпсіз жолды таңдау керек.
3. Қала көшелерімен жүргенде асықпау керек. Тек тротуарлармен немесе жолдың жиегімен жүру қажет.
4. Тротуардың оң жағымен жүру керек.
5. Жолдың шетінен алыс жүру керек.
6. Көшенің немесе жолдың жүру бөлігіне шығуға болмайды.
7. Тар тротуарда тоқтап қарама-қарсы келе жатқан адамды өткізу керек.
8. Қақпаның жанынан өтіп бара жатқанда абай болу керек, қақпадан көлік шығуы мүмкін.
9. Тұрған көліктің жанынан абайлап өту керек, жолаушылар есікті оқыс ашып, соғуы мүмкін.
10. Мектеп жасына дейінгі балалар тек ересектермен жолдан өтуі керек.
11. Көшені тек жаяу жүргіншілер өткелдері арқылы өту керек.
12. Көше немесе жол өткелдері жол бойындағы белгілеу сызықтарымен және жол белгілерімен белгіленеді. Жол өткелінің белгісін есте сақтау және білу қажет.
13. Егер жаяу жүргіншілер өткелінің сызықтары тек қиылыстың бір жағында болса, онда көшені тек көрсетілген жаяу жүргіншілер өткелі арқылы өтуге болады.
14. Жаяу жүргіншілер өткелінің ортасындағы кең жолдарда «қауіпсіздік аралшығы» орнатылады, одан жаяу жүргінші көлік ағынының өтуін күте алады.
15. Қауіпті жер – қозғалысы көп қиылыс. Мұндай қиылыстан өтіп бара жатқан жаяу жүргінші өте мұқият және сақ болуы керек.
16. Жаяу жүргіншілер жол жиегімен көлікке қарай жүріп, қарама-қарсы келе жатқан көліктерді көреді.
17. Көшеден өтіп бара жатқанда, бағдаршамның белгілерін қадағалау:
 - қызыл түс-тоқта, алға жүрме;
 - сары түс-назар аудар, келесі белгіні күт;
 - жасыл түс-енді көшеден өтуге болады.
18. Жолдардың жанында және жолдарда коньки, шана және шаңғы тебуге болмайды.
19. Скутерлермен, велосипедтермен көшеге немесе жолға шығуға тыйым салынады. Велосипедті, скутерді белгіленген орындарда: аулаларда, саябақтарда және алаңдарда тебуге болады.
20. Тек спорт алаңдары мен стадиондарда ойнау керек.

**Қоғамдық көлікте тәрбиеленушілердің қауіпсіз
мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№28 НҰСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық қоғамдық көлікте жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында мектеп жасына дейінгі балалар үшін әзірленді.



1. Аялдаманың, платформаның шетіне жақындауға болмайды.
2. Көлікке кіру және шығу кезінде асығуға, басқа балаларды итеруге болмайды.
3. Көлік қозғалысы кезінде сатыларда тұруға, есіктерге сүйенуге болмайды, мықтап ұстау керек.
4. Көлік қозғалысы кезінде ұйықтауға болмайды.
5. Терезелерден қарауға немесе терезелерден қолды сыртқа шығаруға тыйым салынады.
6. Қозғалыс кезінде сусын ішуге болмайды, тек көлік тоқтаған кезде ішуге болады.
7. Қозғалыс кезінде орындардан тұруға және салонның ішінде жүруге тыйым салынады.
8. Автобуста, троллейбуста немесе трамвайда өрт басталған жағдайда ауызды және мұрынды шарфпен немесе орамалмен жабу қажет, өйткені өрт кезінде көліктегі улы газ өте қауіпті.
9. Төтенше жағдайларда үрейленбей, ересектердің нұсқауларын қатаң түрде орындау қажет .



**Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде тәрбиеленушілердің
қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы бойынша
№29 НҮСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында мектеп жасына дейінгі балалар үшін әзірленді.

1. Көшеде бейтаныс адамдармен танысуға болмайды.
2. Бейтаныс адамдарға жеке ақпаратты (мекен-жайы, телефоны, ата-анасының аты-жөні) айтуға болмайды.
3. Жакындарының еріп жүруінсіз ауладан шығуға, таныс емес жерлерде қыдыруға болмайды.
4. Бейтаныс адамдармен сөйлесуге, өзі туралы айтуға болмайды.
5. Бейтаныс адамдардың ұсыныстарымен келісуге болмайды.
6. Бейтаныс адамдардан сыйлықтар алуға болмайды.
7. Бейтаныс адамдарға сенуге болмайды.
8. Лифтке немесе кіреберіске бейтаныс адамдармен кіруге болмайды.
9. Қауіп төнген жағдайда адамдар көп жиналатын жерге барып, басқалардың назарын аудару керек.
10. Егер бейтаныс адамдар шақырған немесе уәде еткен жағдай болса, бұл туралы ата-анасына немесе жақын туыстарына айтуы керек.



ТАНЫСТЫҚ:

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қолы
1	Табышева Л.Т	менгеруші	
2	Қыраубаева А.С	медбике	
3	Досмағамбетова Г	музыка жетекшісі	
4	Жумашева С.А	тәрбиеші	
5	Ергалиева А.С	тәрбиеші	
6	Бердімуратова Р.Ж	тәрбиеші	
7	Түрсынбай А.Т	тәрбиеші	
8	Маханова М	тәрбиеші	
9	Қалманова Ж.Т	тәрбиеші көмекші	
10	Абишева А.Ш	тәрбиеші көмекші	
11	Дүйсембаева В	тәрбиеші көмекші	
12	Демебаева Б	тәрбиеші көмекші	
13.	Аманжурова Н	тәрбиеші көмекші	
14.	Аманова С.А	тәрбиеші	
15.	Аманжол Н	тәрбиеші көмекшісі	